

Масаң күйді куәландыруға жіберу, масаң күйді куәландыру және оның нәтижелерін ресімдеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2025 жылғы 29 тамыздағы № 650 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 29 тамызда № 36770 болып тіркелді

"Жол жүрісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 10-бабының 13) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Масаң күйді куәландыруға жіберу, масаң күйді куәландыру және оның нәтижелерін ресімдеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң мен норма шығармашылықты үйлестіру департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрі

Е. Саденов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

Қазақстан Республикасы
ішкі істер министрі
2025 жылғы 29 тамыздағы
№ 650 Бұйрықпен бекітілген

Масаң күйді куәландыруға жіберу, масаң күйді куәландыру және оның нәтижелерін ресімдеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Масаң күйді куәландыруға жіберу, масаң күйді куәландыру және оның нәтижелерін ресімдеу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) "Жол жүрісі туралы" Қазақстан Республикасы Заңы 10-бабының 13) тармақшасына сәйкес әзірленді және жол жүрісіне қатысушылардың масаң күйін куәландыруға жіберу, жол жүрісіне қатысушылардың масаң күйін куәландыру және оның нәтижелерін ресімдеу тәртібін айқындайды.

2. Жол жүрісіне қатысушылардың масаң күйін куәландыруға жіберуді, масаң күйін куәландыруды "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасы кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 796-бабына сәйкес масаң күйі Кодексте көзделген құқық бұзушылықтың құрамы болып табылғанда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ету шаралары ретінде уәкілетті лауазымды тұлғалар жүргізеді.

3. Көлік құралдарын басқарудан шеттетілген жүргізушілердің жол жүрісіне қатысушыларды масаң күйін куәландыруды Кодекстің 796-бабында айқындалған уәкілетті лауазымды адамдар тікелей әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде және (немесе) мемлекеттік медициналық ұйымдарда масаң күйдің бар-жоғын анықтайтын арнайы құрылғылар мен құралдарды (бұдан әрі – арнайы құрылғылар мен құралдар) пайдалана отырып жүргізеді.

4. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада куәландырудан өткізу үшін көлік құралын басқарудан шеттетілген күн, уақыт, орын, негіздер көрсетіледі. Хаттаманың көшірмесі өзіне қатысты іс бойынша іс жүргізіліп жатқан адамға не оның заңды өкіліне тапсырылады.

5. Масаң күйді куәландыру актісі тиісті хаттамаға қоса беріледі.

6. Жол жүрісіне қатысушылардың жол жүрісі саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және олардың әрекеттерін бұзған жағдайда, егер бұл ретте олар жүргізушілерде масаң болу белгілерін, сондай-ақ жүргізушілердің алкоголь немесе психикаға белсенді заттарды пайдаланғаны туралы арыздарды, хабарламалар, оларды анықтаса, жол қозғалыс қауіпсіздігін қадағалауды жүзеге асыру кезінде лауазымды адамдар жолын кескен бұзушылықтар алкогольді немесе психикаға белсенді заттарды қолдануды тану жүргізушілерді масаң күйді куәландыруға жіберуге, масаң күйді куәландыруға жеткілікті негіздер болып табылады.

2-тарау. Масаң күйді медициналық куәландыруға жіберу тәртібі

7. Жол жүрісіне қатысушылардың масаң күйін медициналық куәландыру (бұдан әрі - медициналық куәландыру) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес уәкілетті лауазымды адамдардың жазбаша немесе электрондық форматта жолдамасы бойынша жүргізіледі.

8. Медициналық куәландыруға жіберуге арналған жолдамада күні, уақыты, хаттаманың толтырылған жері, хаттаманы толтырған лауазымды тұлғаның лауазымы,

атағы, тегі, аты әкесінің аты (ол болған жағдайда), жол жүрісіне қатысушының тегі, аты әкесінің аты (ол болған жағдайда), азаматтығы (ол болған жағдайда), туған жылы мен жері, жұмыс орны, тұрғылықты жері (ол болған жағдайда), жеке басын куәландыратын құжаттар (ол болған жағдайда), көлік құралының үлгісі, маркасы, моделі, мемлекеттік тіркеу нөмірі, өзге де сәйкестендіру белгілері, медициналық куәландыру үшін жолдаманың негіздемесі және мақсаты көрсетіледі. Жолдамаға оны толтырған лауазымды тұлға, сондай-ақ куәландыруға жіберілген жол жүрісіне қатысушы қол қояды.

9. Жол жүрісіне қатысушының әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде жүргізілген куәландыру нәтижелерімен келіспеген жағдайда медициналық куәландыру үшін берілетін жолдамаға лауазымды тұлға жүргізген куәландыру актісі қоса беріледі.

10. Куәландыруға жіберілген жол жүрісіне қатысушының жеке басын куәландыратын құжаттардың болмауы медициналық ұйымның куәландырудан бас тартуына негіз бола алмайды. Жеке басы туралы мәліметтер куәландырушының сөзінен жазылып алынады.

3-тарау. Уәкілетті лауазымды адам жүргізетін масаң күйді куәландыру және оның нәтижелерін ресімдеу тәртібі

11. Жол жүрісіне қатысушылардың масаң күйін анықтау арнайы құрылғылар мен құралдарды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Арнайы құрылғылар мен құралдарды қолдану алдында олардың жарамдылығы, метрологиялық тексеру күні тексеріледі.

12. Жол жүрісіне қатысушыларды арнайы құрылғылар мен құралдарды қолдану арқылы куәландыру әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтыру кезінде қатысатын екі куәгердің қатысуымен уәкілетті лауазымды тұлға толтыратын актімен осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес рәсімделеді.

Куәландырылатын жол жүрісіне қатысушылар және куәгерлер куәландыруды жүргізу және арнайы құрылғылар мен құралдарды пайдалану тәртібімен таныстырылады.

13. Куәгерлер қатысуының мүмкіндігі болмаған кезде (елді мекеннен алыс жерлерде, түнгі уақытта, төтенше немесе соғыс жағдайы кезінде, тиісті қатынас құралдары болмаған немесе басқа объективті себептерге байланысты куәгер ретінде тартуға мүмкіндік болмаған кезде) жол жүрісіне қатысушылардың техникалық құралдардың барысы қолдана отырып, оның барысы мен нәтижелерін тіркеп көрсететін техникалық құралдар қолданыла отырып, олардың келісімімен куәландыруға жол беріледі. Мұндай куәландырудың нәтижелері куәландырылушының келісімі туралы белгісі бар куәландыру актісінде тіркеледі.

14. Жол жүрісіне қатысушылардың әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде куәгерлердің қатысуынсыз куәландыру жүргізуге немесе куәландыру нәтижелерімен

келіспеген жағдайда олар мемлекеттік медициналық мекемеге медициналық куәландыруға жіберіледі.

15. Жол жүрісіне қатысушы әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада, масаң күйін куәландыру актісінде немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қоса берілетін жекелеген түсініктемеде масаң күйін куәландырудан өтуден өзінің бас тарту уәждерін жазады.

16. Жол жүрісіне қатысушылардың масаң күйді куәландырудан жалтарған кезде әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде толтырылған әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада, масаң күйін куәландыру актісінде бұл туралы белгі жасалады.

Масаң күйді куәландыруға
жіберу, масаң күйді куәландыру
және оның нәтижелерін
ресімдеу қағидаларына
I-қосымша

Масаң күйді анықтау үшін медициналық куәландыруға ЖОЛДАМА

20__ жылғы "____" _____ сағат__ минут _____
(хаттаманың толтырылған жер)

(_____ хаттаманы толтырған лауазымды тұлғаның лауазымы, атағы, тегі,
аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Масаң күйін медициналық куәландыру үшін _____

(Тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда))

Азаматтығы (ол болған жағдайда) _____

Туған жылы мен жері _____

Жұмыс орны, тұрғылықты жері (ол болған жағдайда) _____

Жеке басын куәландыратын құжаттар (құжаттың сериясы, нөмірі, күні,
берілген орны) (ол болған жағдайда) _____

жолдаймын.

Көлік құралы туралы мәліметтер (көлік құралының үлгісі, маркасы, моделі,
мемлекеттік тіркеу нөмірі, өзге де сәйкестендіру белгілері)

Медициналық куәландыру үшін жолдаманың негіздемесі _____

Куәландырудың мақсаты _____

Лауазымды тұлғаның қолы: _____

(куәландырылушы)

Масаң күйді куәландыруға
жіберу, масаң күйді куәландыру
және оның нәтижелерін
ресімдеу қағидаларына
2-қосымша

Масаң күйді анықтау үшін куәландырудың № _____ АКТІСІ (арнайы құрылғылар мен құралдарды пайдалану арқылы)

(куәландыру күні, уақыты және орны)

Мен, _____

(уәкілетті лауазымды адамның лауазымы, атағы, тегі, аты, әкесінің аты
(ол болған жағдайда))

(тегі, аты, әкесінің аты ол болған жағдайда), жеке басты куәландыратын құжаттар
сериясы, нөмірі, тұрғылықты жерінің мекенжайы, көлік құралының, нөмірлік
белгісі)

(куәландыру қажеттігін тудыратын жағдайлар: алкоголь иісі,

ағзаның дене және психикалық функциясының бұзылуы)

_____ байланысты

(арнайы құрылғының немесе құралдың атауы, нөмірі, метрологиялық

тексеру нөмірі, күні, құрылғының немесе құралдың көрсеткіші)

_____ пайдалану
арқылы куәландыруды жүргіздім.

Куәландыру құқықтарымен, міндеттерімен және тәртібімен танысты:

(куәландырылушы) (куәгер)

(куәгер)

(артқы беті)

Куәландыру нәтижесі

(сынамасы - оң, теріс)

Адамның (жүргізушінің) түсініктемесі _____

Куәландыру нәтижесімен _____

(келісемін, келіспеймін)

_____ (қолы)

Куәлар*:

1. _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)), жеке басты куәландыратын құжаттар,
(сериясы, нөмірі, тұрғылықты жерінің мекенжайы)

(куәландыру фактісі бойынша қысқаша түсініктеме)

_____ (қолы)

2. _____

(тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)), жеке басты куәландыратын құжаттар,
(сериясы, нөмірі, тұрғылықты жерінің мекенжайы)

(куәландыру фактісі бойынша қысқаша түсініктеме)

_____ (қолы)

Хаттаманы толтырған лауазымды адамның қолы _____

* Куәгерлердің болмау себептері көрсетіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК